

ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ЖУРНАЛИСТИКА» КАФЕДРАСЫНДА СТУДЕНТТЕР ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛДІ



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР
ЕЛІМІЗДЕГІ ОҚУЫН ЖАЛҒАСТЫРА
ОТЫРЫП, БЕЛГІЛІ АМЕРИКАЛЫҚ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ
ДИПЛОМЫН АЛА АЛАДЫ**

BILIM_JANE_GYLYM

2023 жылдың сәуір-мамыр айларында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсының II кезеңі өткізілді.

Конкурс қарсаңында «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Инновациялар және интернационалдандыру мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесінің 03.04.2023 ж. № ОД-151 бұйрығымен 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсының II кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің конкурстық комиссиясы құрылды.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсының II кезеңін өткізу жөніндегі комиссияның құрамы:

- Мырзантай Қожабайұлы Жақып, «Журналистика»

кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент (Associate Professor);

- Айсұлу Жақсылыққызы Шайкенова, «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты;

- Айсара Қайратқызы Рахимова, хатшы, «Журналистика» кафедрасының оқытушысы, магистр;

- Дмитрий Васильевич Алёшин, төраға орынбасары, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі;

- Дамель Кайыргельдыевна Мектепбаева, төраға, Инновация және интернационалдандыру мәселелері бойынша Басқарма мүшесі.

5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсының II кезеңіне барлығы 9 (тоғыз) жоғары оқу орнынан 24 (жиырма төрт) жұмыс келіп түсті.

«Журналистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент (Associate Professor) Мырзантай Қожабайұлы Жақып басшылығындағы ғалымдардың жұмыс тобы 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсының II кезеңіне келіп түскен жұмыстарды қарастырып, ғылыми сараптама жүргізді.

5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереженің 1, 2, 5, 6 және 16-тармақтарына сәйкес, 2 (екі) жұмысты CF3Ж конкурсының II кезеңіне қатыстырудан бас тартылды.

Себебі аталған CF3Ж тақырыбы мен мазмұны «5B050400 (6B03201) – Журналистика» білім беру бағдарламасына сәйкес келмейді, CF3Ж орындаған студенттердің оқитын білім беру бағдарламалары 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша сәйкес келмейді.

(Соңы 2-бетте).

(Басы 1-бетте).

Ғалымдардың жұмыс тобы 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереженің 19-тармағына сәйкес, CF3Ж конкурсының II кезеңіне қатыстырылған 22 (жиырма екі) жұмысты ғылыми сараптамадан өткізе келіп, анықталған жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің марапаттауына ұсынылды.

Ғылыми сарапшылар 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсының II кезеңіне келіп түскен жұмыстардың мынадай кемшіліктерін атап көрсетті:

- Көптеген жұмыстардың тақырыптары тым жалпылама алынған, нақтылық жоқ. Студенттер ғылыми зерттеу жүргізудің нақты мақсат-міндеттерін айқындай алмаған;

- Кейбір жоғары оқу орындарынан бұрын қорғалған диплом жұмыстары жіберілген. Кейбір жұмыстарды студенттердің өздері жазбағаны анық көрініп тұр.

Бұған дейін қазақ баспасөзінің тарихы бойынша оқулықтар мен жинақтарда жарияланған мәліметтер көшіріліп алынған жұмыстар да бар;

- Кейбір жұмыстардың кіріспесінде «Дипломдық жоба», «Біз осы мақаланы жазып отырғандағы басты

мақсатымыз...», - деген сөздер кездеседі. Кейбір авторлар студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы мен мақаланың ерекшеліктерін білмейтінін көрсеткен;

- Көптеген жұмыстарда 5B050400 (6B03201) «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша өзекті ғылыми мәселе шешілмеген, ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы өте төмен, ғылыми нәтижелері мен қорытындылар жоқ;

- Жұмыстарды ұсыну сапасы өте нашар. Ғылыми жұмыстың құрылымы мен түйіндемесі талапқа сай келмейді.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттері, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, т.б. көрсетілмеген. Қорытынды талапқа сай жазылмаған. Баяндау анық емес. Қателер өте көп. Қазіргі кездегі жаңа ғылыми еңбектер қарастырылмаған, пайдаланылған дерек көздері әбден ескірген.

Ғылыми сарапшылар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне барлық жоғары оқу орындарына оқытушылардың педагогикалық жүктемесіне «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» және «Оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары» деген тақырыппен арнайы аудиториялық сағаттар енгізуді міндеттеу қажеттігін ұсынды.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Журналистика» кафедрасы.

ҮКІМЕТ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТЕДІ

Қазақстанда NEET санатындағы кәсіптік білімі жоқ және жұмыссыз жүрген жастарды қолдау күшейтіледі. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру бойынша белсенді көмек көрсетіліп, өзге де қолдау шаралары қолға алынады.

ҚР Үкіметі мемлекеттік жастар саясатын күшейту аясында тиісті қаулы қабылдады.

Құжат «білімі жоқ және жұмыссыз» жастармен (NEET санаты) нақты жұмыс жүргізетін бірқатар орталық мемлекеттік органның құзыретін айқындайды.

Осылайша, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне уақытша жұмыссыз қалған жастардың жұмысқа орналасуына көмектесу, сондай-ақ жастарды жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылау жүктелді.

Ал Мәдениет және спорт министрлігі жастардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған мәдени және

т.б. іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

Бұдан бөлек, Қаулыда жастармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктілік сипаттамасын, жастар еңбек жасақтарын құру ережелерін, сондай-ақ жастарды дамыту индексін енгізу қағидаларын бекітуге мүмкіндіктер жасалған.

Бүгінде республикада NEET санатындағы жастардың үлесі 6,3%, бұл – Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Италия және басқа да елдердегі жағдаймен салыстырғанда, төмен көрсеткіш.

Қазақстан Үкіметі NEET санатындағы жастар үлесін азайту мақсатында әлеуметтік қолдау, білім алуға және жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ САЙ БОЛУЫ ТИІС



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет жанындағы отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысында адами капиталды дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев осы бағыт бойынша балабақшаларда 300 мың жаңа орын ашу, білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтың – 1000 көшбасшысы кадрлық резервін құру, мектептерде 7 мың пәндік кабинет ашу, 100 қосымша білім беру объектісін салу, колледждердегі мемлекеттік тапсырысты 150 мың орынға дейін ұлғайту, 100 бизнес-инкубатор құру және т. б. шаралардың жоспарланғанын хабарлады.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасын жаңарту, өңірлік кадрлық қажеттілік картасын жасау, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту шаралары туралы айтты.

Білім беру бағдарламаларының негізі болып табылатын кәсіптік стандарттарды әзірлеуге жұмыс берушілердің қатысуы қажет деп атап өтілді. Сонымен қатар, әсіресе, жастардың жұмысқа орналасуына кедергілерді жоюға бағытталған тәуелсіз сертификаттауды енгізуге назар аударылды.

Жиынға қатысушылар экономика салаларына кадр даярлау, түлектерді жұмысқа орналастыру, дуальды оқыту, кәсіби стандарттарды әзірлеу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру, салық төлеуге ынталандыру, жеке меншік мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамыту, инженерлік қызмет және басқа да

мәселелерді жан-жақты талқылады.

Премьер-Министр экономика қажеттіліктері үшін маман даярлау Үкіметтің басым міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Осыған байланысты азаматтар мен бизнестің белсенді қатысуымен экономиканың нақты қажеттіліктеріне назар аудара отырып, білім беру жүйесін жетілдіру және жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

«Білім беру гранттарын және басқа да дамыту шараларын алдын ала қарастыру үшін еңбек нарығын зерттеуге және 5-7 жылдан кейін экономикаға қандай кадрлар қажет болатынын болжауға көңіл бөлу қажет.

Бұл тек жоғары оқу орындарына ғана емес, колледждер мен басқа да білім беру ұйымдарына қатысты. Білім беру бағдарламалары нарық сұранысына сай болуы тиіс», – деді Әлихан Смайылов.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-Министр Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне айтылған барлық ұсынысты жұмыс барысында назарға алуды және «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесе, көтерілген мәселелерді шешу жолдарын қарастыруды тапсырды.

Іс-шараға орталық мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдастығының, «Еуразиялық топ» ЖШС-нің және басқа да салалық ұйымдар басшылары қатысты.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**



ҮКІМЕТТЕ БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен өткен кеңесте білім беру объектілерінің қауіпсіздігі және көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балабақшаларды, мектептерді және басқа да оқу орындарын Шұғыл әрекет ету басқармасының орталығына қосылған бақылау камераларымен, дабыл түймелерімен, сондай-ақ лицензияланған күзетпен қамтамасыз ету процесі жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталуы тиіс.

Білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқушылар мен персонал саны 100 адамнан асатын оқу орындары бейнебақылаумен және ескерту жүйесімен жабдықталуға тиіс, 300-ден 700-ге адамға дейін – Шұғыл әрекет ету басқарма орталығына қосылған дабыл түймелері мен камералары болуы тиіс, ал 700-ден астам адамға лицензияланған күзет агенттіктері қызмет көрсетуі тиіс.

Алайда кейбір аймақтар белгіленген мерзімге дейін үлгермей отыр. Мысалы, Алматы облысы мен Түркістан облысы айтарлықтай артта қалған, бұл аймақтарда камераларды Шұғыл әрекет ету басқарма орталығына қосуға және кәсіби күзетпен қамтамасыз етуге қаржы бөлу мәселесі әлі де өзекті.

«Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. 1 қыркүйекке дейін барлық өңір оқу орындарын техникамен қамтамасыз етіп, қажетті шарттар жасасуы тиіс. Балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік білім беру мекемелерінің басшыларына жүктелуі тиіс. Бұл шаралар тексеруші органдар үшін енгізілмейді. Олар балалардың мүдделерін ескеріп, оларды қорғауға бағытталған», - деп атап өтті Алтай Көлгінов.



Талқылау қорытындысы бойынша вице-премьер жауапты мемлекеттік органдарға инженерлік-техникалық жабдыққа қойылатын талаптарды күшейту бөлігінде білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулыққа өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылдауды, сондай-ақ жадынамаларды таратуды, арнайы бейнероликтерді қарастыруды және балалардың қауіпсіз мінез-құлқы жөнінде оқу-жаттығулар өткізуді тапсырды. Бұдан басқа, әкімдіктер мамыр айының соңына дейін оқу орындарын қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтауды қаржыландыру мәселелерін шешуі тиіс.

Жасөспірімдер қылмысы мәселесі де өзекті болып қала береді. ҚР Бас прокуратурасының мәліметінше, 2022 жылдың қорытындысы бойынша көмелетке толмағандар жасаған қылмыс санының 13,5%-ға, ауыр қылмыстар бойынша 36,5%-ға өсуі байқалады.

Оқу-ағарту министрлігі мәселеге әсер ететін негізгі себептер ретінде ата-аналардың отбасындағы тәрбие процесінен алшақтауын және интернет-мазмұнның теріс әсерін атайды. Буллинг жағдайларының көбеюі үлкен алаңдаушылық тудырады. Осыған байланысты мектептердегі психологиялық көмек қызметін күшейту, сондай-ақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жоспарланған.

Көмелетке толмағандар арасында қылмыстың өсуіне жасөспірімдердің бос уақыттарының тиімді ұйымдастырылмағаны да әсер етеді.

«Көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуі байқалады, бұл мәселені шешу керек. Жұмысты жүйелі жолға қою, балаларды сабақтан тыс іс-шараларға тартудың жаңа форматтарын табу, буллингке қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесін зерделеу, педагогтарды отбасының әлеуметтік

(Соңы 5-бетте).



(Басы 4-бетте).

портретін құрастыру әдістеріне оқыту бағдарламасын әзірлеу, баланың мазасыздық деңгейін анықтау бойынша электрондық сауалнама жүргізу қажет», - деп атап өтті вице-премьер.

Кеңес қорытындысы бойынша Алтай Көлгінов мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарға бірқатар тапсырма берді, оның ішінде көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту үшін көмелетке толмағандар істері жөніндегі

комиссиялардың қызметіне талдау жасау және балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және балалардың құқықтары мен әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын қабылдауды жеделдету тапсырылды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

ҚАЗАҚСТАНДА 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТОҒЫЗ ТАНЫМАЛ ӘЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТТІҢ ФИЛИАЛДАРЫН АШУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Азия университеттері альянсы (АУА) саммитінің аясында Астана қаласында өтіп жатқан ұйым президенттерінің форумына қатысты.

Саммит – Альянстың негізгі іс-шараларының бірі, сондай-ақ ғалымдар, зерттеушілер мен саясаткерлер жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен даму үрдістерін талқылайтын платформа.

Биыл Назарбаев Университеті қабылдаушы тарап болып отыр.

Премьер-Министр бұл іс-шара COVID-19 пандемиясы басталғаннан кейін Альянс университеттері басшыларының алғашқы жүзбе-жүз кездесуі екенін атап өтті.

«COVID-19 пандемиясы, технологиялық революция, жасанды интеллекттің дамуы және басқа да факторлардан туындаған әлемдегі қарқынды өзгерістер әртүрлі салаларда, әсіресе білім беру саласында инновациялық шешімдерге деген сұранысты арттыруда», - деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы әлемдегі үрдістерді ескере отырып, Қазақстан 2027 жылға қарай ғылыми зерттеулерді қаржыландыру деңгейін ЖІӨ-нің 1%-на дейін жеткізуді

жоспарлап отырғанын атап өтті. Сонымен қатар экономиканың барлық саласын қарқынды цифрландыру аясында Үкімет еңбек нарығына қажетті мамандарды тиісті деңгейде дайындау үшін жоғары оқу орындарының цифрлық архитектурасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Оған қоса беделді шетелдік университеттермен арадағы ынтымақтастық нығайып жатыр. Мәселен, төрт халықаралық ЖОО Қазақстан өңірлерінде өз филиалдарын ашты.

Олардың арасында University of Arizona мен Heriot-Watt University бар. 2029 жылға дейін кем дегенде тағы тоғыз танымал университетті шақыру жоспарланып отыр.

«Қазіргі уақытта өңірлердегі қазақстандық университеттерді халықаралық деңгейдегі оқу орындарына айналдыру бойынша бастамалар іске асырылуда. Ол үшін оқу орындарын жабдықтау және зерттеу зертханаларын құру жұмыстары жүріп жатыр. Аталған орталықтар өңірлердегі стандартты көтеріп, академиялық және ғылыми дамуға ықпал ететін болады», - деді Әлихан Смайылов.

Анықтама:

Азия университеттерінің альянсы – мүше университеттердің академиялық және мәдени ынтымақтастығына ықпалдасу мақсатында 2017 жылы құрылған коммерциялық емес ұйым. Оның құрамына Азияның түкпір-түкпірінде орналасқан 15 жоғары оқу орны, атап айтқанда, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Тайланд және басқа елдердің жетекші университеттері кіреді.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖҮЙЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН «БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БІЛІМДІ ЕЛ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов білім берудің жүйелі мәселелерін шешуге бағытталған «Білімді ұрпақ – білімді ел» конференциясының жұмысына қатысты.

«Қазақстан халқына» қоры бастамашылық еткен іс-шараға қатысушылардың алдында Алтай Көлгінов білім беру саласының өзекті мәселелерін көтерді. Олардың ішінде: мектепке дейінгі мекемелер және орта мектептерде орын жетіспеушілігі, «қала-ауыл» білім беру сапасындағы алшақтық.

Сонымен қатар республикада педагогтар мен басқарушы кадрлар тапшылығы байқалады, 3 мың мектепті жоғары жылдамдықты интернетке қосу мәселесі шешілмеген, жоғары оқу студенттері үшін жатақханаларға қажеттілік бар.

«Үкімет білім берудің барлық деңгейінде тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту, оқыту сапасын арттыру, тәрбие жұмысын күшейту және педагог мамандығының тартымдылығын арттыру бойынша үлкен жұмыс жүргізуде», - деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары.

2025 жылға дейін шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда 5 мың мектеп заманауи стандарттар бойынша жаңғыртылады, 7 мың заманауи робототехника, химия, биология, физика, STEM мектеп кабинеттері ашылады. Студенттерге арналған жаңа

жатақханалар кезең-кезеңімен енгізілуде.

«Білім беру саласының проблемаларын шешу үшін мемлекеттік шаралармен қатар бизнес пен азаматтық қоғамның белсенді қатысуы қажет.

Бүгінде саланың бәсекеге қабілеттілігі бірлескен жұмыстың тиімді процестерін ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Ал қайырымдылық ұйымдары – осындай өзара іс-қимылдың ең оңтайлы арнасы», - деді Алтай Көлгінов.

Сондай-ақ вице-премьер бизнес, қорлар және қоғамдық ұйымдар өкілдерін Қазақстанның өркендеуіне тікелей инвестициялар болып табылатын елдің білім беру жобаларына үлес қосуды жандандыруға шақырды.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау саласындағы проблемаларды шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құруға бастамашы болғанын атап өту керек. Онда ірі кәсіпорындардан, жеке қайырымдылық қорлары мен ұйымдардан, меценаттар мен жеке тұлғалардан түскен қаражат жинақталған. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау, білім беру, спорт саласындағы 25-тен астам қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын іске асыруда, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсетуде.

Атап айтқанда, ауыр және сирек аурулары бар

(Соңы 7-бетте).

(Басы 6-бетте).

науқастарды дәрі-дәрмекпен, жастар мен мүгедек балаларды инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету, ауыл мектептерінің түлектеріне және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерге білім беру гранттарын беру жөніндегі бағдарламалар жұмыс істейді.

Сонымен қатар 2022-2023 жылдары өңірлерде Назарбаев Зияткерлік мектебі стандарттары бойынша 17 тірек мектеп құрылып, материалдық-техникалық және жаңа білім беру технологияларымен толық жаңартылды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**



ҮКІМЕТ САҒАТЫНДА САЯСАТ НҰРБЕК ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Мәжілісте өткен Үкімет сағатында отандық ғылымның дамуы туралы баяндады.

Ғылым мен инновацияны дамыту – дамудың жаңа экономикалық бағытының негізгі басымдықтарының бірі. Саясат Нұрбек ғылымды қаржыландырудың артқанын хабарлады.

«Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында берген тапсырмасына сәйкес ғылымды қаржыландыруды кезең кезеңімен ұлғайту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Ғылымды қаржыландыру соңғы үш жылда 3 есе артты. Сондай-ақ, ғылыми жобаларды коммерцияландыру қаржысы 4 есеге артты. Ағымдағы жылы базалық қаржыландыру 54 ғылыми ұйымға берілді», - деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары табысты іске асырылуда.

«Біріншіден, коммерцияландыруға арналған жобалар нәтижесінде инновациялық өнімдерді сатудан түскен табыс 22,6 млрд теңгені құрады. Екіншіден, бюджетке салық төлемдері түрінде – 5,7 млрд теңге төленді. Үшіншіден, 465,5 млн теңгеге өнім экспортталды. Төртіншіден, жеке қаржыландыру көлемі шамамен 6,8 млрд теңгені құрап, 1400-ден астам жұмыс орны құрылды», - деді Саясат Нұрбек.

Сондай-ақ, өз баяндамасында ведомство басшысы ғылыми әлеует мәселелеріне де тоқталды. Соңғы мәліметтерге сәйкес, бүгінде елімізде 22 мың ғылыми кадр бар. Зерттеушілердің 37 пайызы (2022 жылы – 35%)

ғылыми жәнне академиялық дәрежеге ие, одан ғылым докторы – 1 743, ғылым кандидаты – 3 945, философия докторы (PhD) – 2 460 және бейіні бойынша докторы – 96 құрайды.

«2022 жылдан бастап «Ғылым туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді іс жүзіне іске асыру басталды.

Базалық қаржыландыруға жетекші ғалымдардың еңбегіне ақы төлеу енгізілді; ҰҒМ шешімдерін апелляциялау институты енгізілді; ғылыми тағылымдамадан өтудің нормативтік базасы бекітілді.

Жүргізілген шаралар нәтижесінде ғалымдардың жалақысы 2 есеге ұлғайтылды. Сонымен қатар Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берілді», - деді министр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ҚР Президентінің жарлығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құрылды.

Жас ғалымдарды қолдау күшейтілді. Жас ғалымдарды арналған гранттық қаржыландыру конкурстары нәтижесінде 881 жоба жүзеге асырылуда.

Жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 қазақстандық ғалым тағылымдамадан өтіп жатыр.

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары
білім министрлігі.**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматыда ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаева ғылыми қоғамдастыққа ҚР Ұлттық ғылым академиясының жаңа президенті Күнсұлу Закарияны таныстырды.

Бұл қызметке Күнсұлу Дальтонқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өкімімен тағайындалды.

Іс-шараға ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүшелері, жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің бірінші отырысында берілген соңғы тапсырмалары аясында қазақстандық ғылымды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

«Көптеген бағыттар бойынша министрлік тиісті жұмысты бастады. Ал белгіленген жоспарларды сәтті жүзеге асыру үшін біздің бүкіл ғылыми қоғамдастықтың белсенді қатысуы қажет», - деп атап өтті Аида Ғалымқызы.

Сондай-ақ, жиында соңғы үш жылда ғылымды қаржыландыру 3 есеге артып, жекеменшік бірлескен қаржыландыру түрінде 6,9 миллиард теңгеден астам қаражат тартылғаны айтылды. Ал коммерцияландыру жобалары



нәтижесінде инновациялық өнімді өткізуден түскен кіріс 22,6 млрд теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚОСЫМША АҚЫСЫ БОЙЫНША ТҮЗЕТУЛЕРДІ ҚАРАДЫ

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оның ішінде ғылыми қызметкерлерге қосымша ақы төлеу мәселелері қаралды.

12 сәуір күні Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдардың мәртебесін көтеру, оның ішінде қаржылық қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

«Біз ғалымдарымыздың мәртебесін дәйекті түрде арттырып, олардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуіміз қажет. Осы мақсатта жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің ғылыми дәрежелері мен атақтары үшін қосымша ақыны 1,5 есеге арттыру керек», - деді Президент.

Жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар үшін қандай қосымша төлемдер жоспарланған.

Атап айтсақ:

- философия докторы (PhD), сала бойынша доктор дәрежесі үшін 17 еселенген АЕК мөлшерінде;
- философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі және

доцент, ғылым докторы ғылыми атағы және доцент ғылыми атағы үшін АЕК 25 еселенген мөлшерде;

- ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін 17 еселенген АЕК, ғылым докторы 34 еселенген АЕК мөлшерінде;

- ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және қауымдастырылған профессор ғылыми атағы үшін 25 еселенген АЕК, ғылым докторы және қауымдастырылған профессор ғылыми атағы үшін 42 еселенген АЕК мөлшерінде;

- философия докторы (PhD), сала бойынша доктор және профессор ғылыми атағы үшін, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі мен профессор ғылыми атағы үшін, ғылым докторы ғылыми атағы бар профессорлар үшін АЕК 50 еселенген мөлшерде.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Праздник Победы



9 мая - это день, который занимает особое место в сердцах людей по всему миру, в том числе и в Казахстане. Этот день отмечается в память о победе Советского Союза над нацистской Германией во Второй мировой войне. В Казахстане этот день является одним из национальных праздников и отмечается всеми людьми, независимо от возраста, национальности и социального положения.

Празднование Дня Победы в Казахстане имеет свои особенности, так как страна внесла свой вклад в победу над фашистской Германией. Более 1 миллиона казахстанцев воевали на фронтах Великой Отечественной войны, более 300 тысяч из них не вернулись домой.

Для многих людей этот день - это не только праздник, но и время, чтобы вспомнить своих близких, погибших во время войны, и почтить их память. В этот день в Казахстане проводятся множество мероприятий, таких как митинги, шествия, возложение цветов к военным мемориалам и другие мероприятия.

Некоторые люди предпочитают посещать военные музеи и выставки, чтобы получить больше информации о событиях, произошедших в те годы. Это также дает возможность молодому поколению узнать о мужестве и героизме тех, кто защищал свою страну и своих близких.

В этот день многие люди носят георгиевскую ленту на груди - символ победы и памяти о тех, кто защищал свою страну. В течение всего дня многие телеканалы и радиостанции транслируют специальные программы и

передачи, посвященные этому дню, а вечером на центральных площадях городов проводятся концерты и фейерверки.

Однако, помимо торжественных мероприятий, 9 мая в Казахстане - это также день, когда люди обращают внимание на проблемы ветеранов войны, которые нуждаются в помощи и поддержке. В этот день многие организации и благотворительные фонды оказывают помощь ветеранам и их семьям.

Кроме того, этот день напоминает нам о том, что мир и безопасность являются наивысшими ценностями, которые необходимо беречь.

В этот день в городах и селах Казахстана проходят торжественные мероприятия, в которых принимают участие представители власти, ветераны, школьники и все желающие. На площадях устанавливают памятники и монументы в честь погибших воинов, проходят парады и концерты, а вечером на небе можно увидеть яркие салюты.

Этот день напоминает нам о том, что мы должны беречь мир и память о героических поступках наших предков.

Матвей Колесников
студент 3 курса
кафедры "Журналистика"

День защитника Отечества

5 мая, в честь Дня защитника Отечества, в актовом зале первого корпуса состоялся концерт, который приурочен к этому знаменательному событию. На мероприятии присутствовали не только студенты и преподаватели университета, но и учащиеся военной кафедры.

7 мая это одним из самых важных и символических дней в истории нашей страны. В этот день мы отдаем дань уважения тем, кто боролся и погиб за нашу свободу и независимость. Это также день, когда мы отмечаем важность защиты нашей Родины и благодарим всех, кто отвечает за ее безопасность.

Концерт «Мы помним, мы гордимся» был посвящен этим важным событиям в истории нашей страны. На сцене выступили талантливые студенты университета, которые исполнили песни и стихи, посвященные победе в Великой Отечественной войне и защите Отечества. Красочная и эмоциональная программа вызвала восторг и

восхищение у всех присутствующих.

Особое место на концерте заняли учащиеся военной кафедры, которые были среди зрителей. Это молодые люди, которые готовятся к тому, чтобы стать защитниками нашей Родины. Их присутствие на концерте является символом нашего единения и объединенного стремления сохранить мир и безопасность в нашей стране.

Такие концерты помогают сохранить память о героях прошлого, передать их духовное наследие молодому поколению и продолжить традиции патриотизма. Они показывают, что мы помним, мы гордимся своей историей и готовы отстаивать свою родину в любых условиях.

Денис Сухарев
Студент 3 курса
кафедры "Журналистика"



Разговор о коррупции: студенты и эксперты вместе ищут пути борьбы с мздоимством

В Kozybayev University прошло мероприятие в формате открытого диалога - open space, посвященное проблеме коррупции в обществе. Студенты и представители республиканского общественного объединения «ADILDIK JOLY» совместно с экспертами обсуждали сущность коррупции, причины ее возникновения и способы борьбы с этим явлением.

Мероприятие, которое прошло 5 мая 2023 года, собрало на своих площадках не только участников из студенческой среды, но и профессиональных специалистов в области противодействия коррупции. Главный специалист управления превенции Департамента по противодействию коррупции Аубакирова Екатерина, руководитель филиала ТОО «Первый антикоррупционный медиа центр» по Северо-Казахстанской области Асаубаев Руслан и представитель республиканского общественного объединения «ADILDIK JOLY» Нурахметова Айнагуль, делились своим опытом и мнением о том, как противодействовать коррупции в Казахстане.

В рамках мероприятия были проведены видео-интервью с участниками, которые высказывали свое негативное отношение к коррупции в различных сферах общественной жизни. Открытый диалог позволил каждому участнику высказаться по этой важной для общества теме и поделиться своими мыслями о том, какими методами можно бороться с коррупцией.

В ходе дискуссии участники мероприятия обсудили также возможные меры, которые можно предпринять для борьбы с коррупцией. Одной из таких мер стала пропаганда принципов честности и порядочности среди молодежи. Также были предложены и другие идеи, например, создание более жестких механизмов контроля за деятельностью государственных чиновников, развитие культуры ответственности в обществе и т.д.

Организаторы мероприятия отметили высокую активность студентов и их готовность к обсуждению таких важных тем, как коррупция. "ADILDIK JOLY" поставило перед собой целью помочь молодежи осознать вред, который наносит коррупция нашему обществу, а также показать, что каждый человек может внести свой вклад в борьбу с этим явлением.

Отметим, что в рамках общественного объединения "ADILDIK JOLY" проводятся различные

мероприятия, направленные на борьбу с коррупцией и на пропаганду честности и порядочности в обществе. К таким мероприятиям относятся и открытые диалоги, и тренинги, и конкурсы и т.д.

Таким образом, открытый диалог "ADILDIK JOLY" стал еще одним важным шагом на пути к борьбе с коррупцией в Казахстане. Он показал, что молодежь нашей страны готова вносить свой вклад в эту борьбу, и что у нас есть все шансы преодолеть это явление в будущем.

Матвей Колесников
студент 3 курса
кафедры "Журналистика"



Премьера спектакля «Голоса в темноте»

Известно, что любимое дело способно объединить многих вне зависимости от специальности. Так, будущие программисты, агрономы, финансисты, переводчики, учителя нашли себя в народном студенческом театре «Пилигрим». Здесь нет профессиональных актеров, но у каждого есть талант и желание творчески расти.

По мнению режиссера Елизаветы Гуляевой, сцена меняет людей в лучшую сторону: «Мы с ребятами занимаемся актерским мастерством, работаем над сценическими движениями, проводим различные тренинги, поэтические вечера. Мне кажется, что сцена помогает развивать в первую очередь речь, а человек, который говорит красиво и четко, всегда выглядит намного уверенней. Даже когда ребята совершают ошибку, находясь на сцене, это делает их еще увереннее, так как они учатся находить выход из этой ситуации, импровизировать».

только студенты Kozybayev University, а также школьники и ребята из колледжей.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz



Ежегодно студенты готовят для зрителей два спектакля. Очередной постановкой актеров стала пьеса Камилы Ибраевой «Голоса в темноте». Это актуальная на сегодняшний день история о жизни подростков. В сюжете раскрываются многие проблемы молодого поколения: непонимающие родители, непринятие себя, постоянное чувство вины, вечно задирающие одноклассники и другие.

«Я играю главную роль. Моя героиня столкнулась с буллингом. Наш спектакль показывает последствия, к чему он может привести. Мне было тяжело понять героиню, потому что это действительно серьезная проблема на сегодняшний день, но благодаря репетициям я справилась со своей задачей», – поделилась студентка, актриса театра Алиса Булатецкая.

Всего в составе труппы более 15 человек. И это не

Студенты АФ и многие жители города объединились в субботнике по очистке Парка Победы в преддверии Дня Победы

В преддверии Дня Победы в Казахстане студенты АФ присоединились к акции по очистке Парка Победы. Мероприятие было организовано МК "Жастар Рухы" и получило широкую поддержку жителей города.

Более 30 организаций областного и городского уровня присоединились к субботнику и помогли убрать мусор, вычистить дорожки и убрать с территории парка старые ветви деревьев и сухие листья. Кроме того, были посажены новые молодые саженцы на территории парка.

Участие студентов АФ в акции не только помогло сохранить чистоту и красоту Парка Победы, но и стало проявлением уважения к памяти ветеранов и героев Великой Отечественной войны. Такие субботники помогают не только украсить город, но и объединить людей в общем деле.

Мы надеемся, что подобные акции станут традиционными и будут проводиться регулярно, не только в преддверии Дня Победы, но и в другие дни года, чтобы наш город стал еще чище и красивее.

Матвей Колесников
Студент 3 курса
кафедры "Журналистика"

Enactus 2023: победа на 2,5 млн тенге

За год существования в нашем вузе Enactus стал дружным комьюнити энергичных, целеустремленных и продвинутых ребят! Как итог их работы - победа в Национальном конкурсе ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO 2023 в номинации Early Stage (проекты на ранней стадии). Это площадка, где лучшие студенты страны представляют результаты своих бизнес-идей, направленных на повышение уровня жизни населения. Наши стали чемпионами среди 39 университетов РК и выиграли 2,5 млн тенге!

А все благодаря научному проекту, который ребята защищали перед жюри - «IT-ферма». Если коротко: это автоматизированная ферма, которая представляет собой резервуары для разведения различных видов рыб, а также гидропонные установки (позволяющие выращивать растения без почвы непосредственно в воде, богатой питательными веществами). Здесь же возможно создание эко-удобрений и зеленого гидропонного корма. Проекту уже 4 года, он реализуется на базе Дворца школьников г. Петропавловска. Теперь наши студенты получили серьезную сумму на дальнейшее его развитие, а это значит, что мы еще услышим о результатах! К тому же, им заинтересовались спонсоры.

Мы желаем удачи команде Kozybayev University! И новых побед уже на Мировом Кубке Enactus!

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz



Читайте новости Kozybayev University
первыми на сайте ku.edu.kz

Республиканские студенческие олимпиады в Kozybayev University



На базе Kozybayev University прошли сразу три республиканские студенческие олимпиады по астрономии, дефектологии и информационно-коммуникационным технологиям. В Петропавловск приехали около 100 ребят из разных уголков Казахстана. Было сформировано более 20 команд. Айтишникам предстояло сдать тестирование и продемонстрировать свои навыки программирования. По итогам двух туров, лучшей стала сборная Astana International University. В личном зачете победу одержал студент Toraighyrov University Арслан Каир. А это значит, что в следующем году программисты будут соревноваться в стенах Павлодарского вуза.

В стране всего два высших учебных заведения ведут подготовку по астрофизическому направлению. Это Козыбаев университет и КазНУ им.Аль-Фараби. Однако, на олимпиаде по астрономии смогли присутствовать только североказахстанские студенты. Были представлены 4 команды.

Более многочисленной и зрелищной стала XV Республиканская предметная олимпиада по направлению подготовки «Дефектология». На нее съехались ребята из Караганды, Павлодара, Алматы, Атырау, Актобе и других городов. Всего 8 команд. Целью мероприятия стало распространение и популяризация достижений специального и инклюзивного образования, развитие познавательных и творческих способностей студентов. Победила в интеллектуальном состязании Фариза Нетебай из Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова. В командном зачете первое место у Казахского национального педагогического университета им. Абая.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Визит экс-ректора Серика Омирбаева

Двери вуза распахнулись для и.о. ректора Astana IT University, академика Международной академии информатизации и Академии экономических наук Казахстана, доктора экономических наук, экс-ректора Kozybayev University Серика Омирбаева.

«В 2001 году я стал студентом юридического факультета ЕНУ им. Л. Гумилева, и Серик Мауленович в то время был деканом данного факультета, а также являлся проректором университета. Поэтому какая-то определенная связь историческая у нас прослеживалась и для меня это было очень важно, когда я сюда приехал и фактически стал его преемником», – поделился Председатель Правления – Ректор Ерлан Шуланов.

Не оставил без внимания он и заслуги своего предшественника: «Мы знаем его как очень известного авторитетного специалиста высшей школы. Очень много здесь сделано в части академической политики, нормативных документов. Действующая стратегия развития университета написана Сериком Мауленовичем и мы до сих пор работаем по ней. Была открыта Высшая школа медицины, привлечены преподаватели, сформирована материальная база, к нам поступили иностранные студенты из Индии и Бангладеш, наладилась связь с медицинским колледжем г. Петропавловска. И в этом году вся эта работа принесет свои плоды, первый выпуск медицинского факультета мы планируем отправить на рынок труда».

За 4 года руководства Серика Омирбаева наш университет стал частью Лиги академической честности. Много внимания было уделено обновлению структуры и образовательных программ университета. Запущено более 6 проектов Erasmus. Кроме того, открыты проектный офис



«Sanaly Uraq», коворкинг, центр инклюзивного образования, офис регистратор и другое.

«Эмоции меня просто переполняют, потому что 2016-2019 годы один из таких лучших периодов моей жизнедеятельности. То, что университет сегодня процветает и развивается – это, конечно, ваша заслуга, – обратился Серик Мауленович к преподавателям, – И все те успехи, о которых вы говорили, это ваше достижение.

Моя задача, как первого руководителя, заключалась в том, чтобы правильно направить вас, поставить цель. Эти годы работы для меня были большим опытом и уроком».



Духовно-нравственное формирование личности как гражданина и патриота Казахстана

Сегодня все больше людей осознают, что духовно-нравственное развитие человека является ключом к гармоничному развитию личности. Важность данного аспекта не ограничивается только нашей страной, но и является актуальным вопросом во всем мире. Каждый гражданин должен не только знать и понимать свои права и обязанности, но и иметь определенные нравственные и этические ценности, которые помогут ему принимать правильные решения в различных сферах жизни.

Именно поэтому 6 мая на платформе Zoom состоялся интересный и важный для общества онлайн-конкурс эссе среди студентов факультета истории, экономики и права на тему «Духовно-нравственное формирование личности как гражданина и патриота Казахстана».

Этот конкурс стал своего рода площадкой для студентов, которые хотели поделиться своими идеями и видением этой важной темы. Участники показали высокий уровень знаний и понимания значения духовно-

нравственного воспитания в формировании личности гражданина и патриота своей страны.

Одной из главных целей проведения этого конкурса было привлечение внимания общественности к важности духовно-нравственного воспитания, которое играет важную роль в формировании гражданственности и патриотизма у молодежи.

Мы уверены, что подобные мероприятия помогают молодежи понять значение гражданства и патриотизма, и в будущем, способствуют воспитанию патриотически настроенной молодежи. От всей души поздравляем победителей и участников конкурса и желаем им дальнейших успехов в их образовательной карьере и жизни!

Денис Сухарев
студент 3 курса
кафедры "Журналистика"

Итоги реализации проекта DeSTT



В течение трех лет наш вуз принимал участие в проекте DeSTT «Развитие лидерских навыков и обучение педагогов лидерству» международной программы Erasmus+. Его координатор, представитель итальянского университета Кассино и Южного Лацио Джовани Бетта рассказал о том, что данный проект направлен на развитие компетенций педагогов в области образовательного лидерства. В нем задействованы 9 вузов-партнеров.

На завершающей научно-практической конференции подвели итоги проекта:

– В Kozybayev University открыт Образовательный Центр Лидерства;

– На базе Центра прошли мастер-классы, тренинги, семинары по обучению лидерству для учителей СКО, магистрантов, а также тренеров НЦПК «Өрлеу» (около 300 человек);

– Опубликованы научные статьи, составлены учебные пособия по теме: «Лидерство в образовании», подготовлена коллективная монография;

– Разработаны учебные курсы для магистрантов педагогического направления;

– Расширено сотрудничество альма-матер в области науки и интернационализации с вузами-партнерами по проекту DeSTT из Италии, Испании, Польши, Монголии, Казахстана;

– Члены рабочей группы проекта – преподаватели ПФ и ИЯиЛ – прошли обучение на семинарах, проводимых европейскими партнерами.

Вся деятельность, в рамках работы Образовательного Центра Лидерства, по формированию лидерских навыков педагогов будет продолжаться и дальше.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Мырзантай Жақып.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Гүлшара Мұхаметжан.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы №КЗ73ВРҰ0042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Мырзантай Жақып.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Гүлшара Мұхаметжан.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №КЗ73ВРҰ0042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.



**Читайте новости Kozybayev University
первыми на сайте ku.edu.kz**

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.